ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»
Тақырыпша. «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»
Қазан айы 1-апта Мерзімі: (04.10.-08.10.2021ж) «Айгөлек» (ортаңғы) тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қабылдау,тексеріп-қабылдау,таңертеңгі жаттығу,үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	Балалардың көңіл-күйін бақылау,дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
	Картотека №2 Пед жет ойын: «Өзім және отбасым» Смарт мақсат: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсіне отырып, отбасы мүшелерін сыйлауды біледі. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Достық Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан Құрлымдалған ойын: «Пейзажды құрастыр» Смарт мақсат: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы біледі. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Пед жет жұмыс: Тақпақ жаттау. Отан Е.Өтетілеуұлы Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана. Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел. Құрлымдалған ойын: «Аралар» Смарт мақсат: балалардың зейінін,есту қабілетін дамыту. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Санамақ Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас барманым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз Пед жет ойын: «Тату-тәтті отбасы» Смарт мақсат: үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Құрлымдалған ойын: «Ойыншыққа суреттерді табыңыз» Смарт мақсат: Балалар нақты заттың сұлбасы мен пішінін елестетуге үйренеді. Жазық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауды біледі. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)
	Қазан айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Смарт мақсат: Балалар жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйренеді.				
Таңғы аска дайындық таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені				

Scanner App Lite

	Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу				
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Шаттық шеңбері: Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын.				
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме) Смарт мақсат: Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Сұрақтарға жауап беруді біледі. Күтілетін нәтиже: -дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айтады; -қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; Ресурстар: Отбасы суреті, дид материалдар, Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап,ойын,ұнтаспа Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Е. Өтетілеуұлы. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Қызығушылықтарын ояту. Ұнтаспадан «жарығым», «ботам», «құлыным»,	1.Сурет салу Тақырыбы: Отбасым Смарт мақсат: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе біледі. Күтілетін нәтиже: -сурет салу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; -сызықтарды ,штрихтарды,дақтарды, бояуларды ретіменқолдана біледі; Ресурстар: отбасы суреті,бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері: Бақшамызға барғанда Жолыққан бар	1. Математика негіздері Тақырыбы: Әртүрлі заттардың топтарын салыстыру және теңеу. Смарт мақсат: Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұстастыру арқылы салыстыруды біледі. Күтілетін нәтиже: -екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы салыстырады; Ресурстар: Дидактикалық материалдар. Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Сен – досымсың, мен – досыңмын. Қол ұстасып тұрамыз, Күлімдесіп караймыз. Балалардан жыл мезгілін,ай атын айта күнін сұрау. Қызығушылықтарын ояту.	1. Жаратылыстану Тақырыбы: Мол өнім Смарт мақсат: Көкөністер мен жемістер туралы түсінеді. көкөністер мен жемістерді топтастыра алады. Күтілетін нәтиже: -кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; Ресурстар: көкөністердің жемістердің муляждары, себет,қуыршақ, көкөніс суреттері Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап,ойын,мнемокесте Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері: Бақшамызға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе, міне мен, Достың енді сенімен Қазір жылдың кай мезгілі? Бала үні. Мнемотехника әдісі Суретке қарап күзде кандай	1.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Жаңұя мүшелері. Смарт мақсат: Отбасылық суреттерді карастырып, өз ойын айта алады. Отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауды үйренеді. Күтілетін нәтиже: -отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; -мазмұнды-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды; Ресурстар: Отбасы суреттері, күн,гүл,ағаш суреттері әр балаға Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын,жұмбақ, мига шабуыл.

Scanner App Lite

	«күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдату. Ашық сұрақтар Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? -Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз? Балаларды мадақтау. Суретпен жұмыс. «Отбасы.»  Кубизм әдісі. Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді. Құрлымдалған ойын: «Кім екенін тап?» Шарты: Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), көзғалыспен көрсетеді. Басқа балалар шешуін табады. Мысалы: Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр. Шығармашылық орталығындағы жұмыс. . Топқа бөлу. 1-топ Құрлымдалған ойын: «Мен және менің жақындарым» Шарты: Өзіне ұнаған суретті	жандарға. Ертемен ақ нейілмен, «Қайырлы таң» деймін мен Пед жет ойын: «Сұрақ-жауап» Жыл мезгілі,ай атын,апта күнін сұрау. . Ой дамыту. Суретпен жұмыс Балалар суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар? - Бір сөзбен қалай атауға болады? Топқа бөлу. Ата, әже суреттері арқылы топқа бөліну. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету, түсіндіру. Балалардың өз бетінше жұмыстары. 1-Топ Ата. Ұл бала суретін салады. 2-Топ Әже Қыздың суретін салады Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Галереяны шарлау	Білмеспек келеді. Қолында қорап. Қорапты ашып көрейік. Ішінде таспасы бар қорапты үстелге қою. Салыстыру. Құрлымдалған ойын: «Ұзын-қысқа » (екі жолақ қағаз: жасыл – 20 см, ақ –15 см). Балалар орындарында отырып салыстырады. Құрлымдалған ойын: «Құлыншақты дұрыс қой» Үлестірмелі материал: (жолақтар: қызыл – 10х3 см, көк – 15х3 см, 4 құлыншақ). Қай жолақ қысқа, ал қайсысы ұзын екенін салыстырып көріңдер. Қысқа жолаққа бір құлыншақты, ал ұзын жолаққа көп құлыншақты қоюларын ұсыну —Бір құлыншақ тұрған жолақ қысқа ма, ұзын ба? -Көп құлыншақ тұрған жолақ ұзын ба, қысқа ма? Балалардың жауаптары. Пед жет ойын: «Жете ме» Тақтамен жұмыс. үш ақо бейнеленген суретке және екі бөшкесі бар тәрелкеге көңіл аударау. -Қонжықтарға бөшкелер жетті ме? -Қайсысы көбірек –	өзгерістер болатынын айтады. Қызығушылықтарын ояту. Хатшы хат әкеледі. Ой қозғау Хат кімнен келді? Айгүл көмекке шақырыпты. Айгүлге немен барамыз ? Сикырлы сөз: Кәне, кәне, айтайық Айя бағына, барып қайтайық! Көзімізді ашайық. Айгүлге кездесу. Амандасады. Айгүл бау бақшадағы жеміс пен көкөністерді жырататмай жатыр екен. Көмектесеміз бе? Бала үні. Балаларға көкөністер мен жемістер туралы суреттерін көрсету, түсіндіру. Айгүлге көмек Құрлымдалған ойын: «Көкөніспен жемістер» Шарты: Көкөніс пен жемісті сипаттауы бойынша тауып, себеткек муляждарды жинайды. Сергіту сәті Алма бакқа барамыз, (Бір орында жүреді, қолдары белдерінде) Алма теріп аламыз, (Қолдарын жоғары созып, алманы жұлғандай қимыл жасайды).	Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Қандай жақсы бір түру Достарыммен бір жүру Қайырлы күн, Жер-Ана Қайырлы күн достарым Жыл мезгілін сұрау. Миға шабуыл Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ Маған да, саған да, Жақын туыс бес адам. Үш әріптен тұратын. Оңға оқы, солға оқы. Өзгермейді еш онда. Бәрі- де өз жұртын. Айтады, қане кім атын? -Ендеше бұлардың барлығын біз қалай айтамыз? Отбасы туралы суретті көрсетіп түсінік беру. Сергіту сәті. Бас бармағым әкем. Балан үйрек шешем. Ортан терек ағам Шылдыр шүмек апам Кішкене бөбегім мен. Пед жет ойын: «Отбасында неге

Scanner App Lite

	ірікпен алып, отбасы тақырыбында коллаж құрастыру. 2- топ Құрлымдалған ойын: «Әдемі үйлер» Шарты: Әр түрлі үйлерді құрастырады. Сұрақ – жауап – Бүгін не үйрендік? -Қандай тақырыпта әңгімелелік? Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау. Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) 2. Дене шынықтыру. 1.Менің отбасым Смарт мақсат: Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру, гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орында баяу айналу дағдыларын біледі. Күтілетін нәтиже: -жануарлардың қимылына еліктеп, дене жаттығуларын орындай алады; -бірлескен қимылды ойындарға қатысады; Ресурстар: гимнастикалық орындық Әдіс-тәсілдер: көрсету,түсіндіру, сұрақ-	әдісі. Бірін бірін бағалау. Бас бармақ әдісі арқылы. Қорытынды. Балаларды мадақтау. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты қағып аламыз. Смарт мақсат: Ойлы-қырлы тақтаймен жүру және жүгірулі білелі. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйренеді.Күтілетін нәтиже: -негізгі қимыл түрлерін орындайы; Ресурстар: ойлы-қырлы тақтай Әдіс – тәсілдер: түсіндіру ,көрсету, ойын, сұрақ-жауап. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (ыскауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Жетелеуші сұрақтар Негізгі бөлім:	қожықтар ма, әлде бал салынған бөшкелер ме? -Олар бірдей болу үшін не істеу керек? -енді қанша бөшке болды? -Қайсысы көбірек: қожықтар ма, әлде бал салынған бөшкелер ме? . Саусақ жаттығуы: «Отбасым». Бір үйде біз нешеумыз? Кел, санайық ексеуміз: Ата, әже, әке, шеше, мен. Алақай! Біз бесеуміз Бала үні. Қорытынды. 3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) 2. Көркем әдебиет Тақырыбы: Бір үйде біз нешеумыз? Смарт мақсат: Отбасы мүшелері туралы әңгімелеуді біледі. Тақырыпқа сәйкес шағын тақпақты жаттай алады. Күтілетін нәтиже: -тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп оқиды; Ресурстар: құыршақ, отбасы суреті, дид материалдар. Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету,сұрақ-	Ең үлкен алманы (құлаштарын сермеп, алманың үлкендігін көрсетеді). Анамызға сыйлаймыз. (алманы ұсынып жатқан қимылды жасайды). Сергіту сәті Шарты: көкөніс атын естісе отырады, жеміс атын естісе қолдарын жоғары көтереді. Пед жет ойын: «Төртіншісі артық» ойынын арқылы аяқтау. Лимон, мандарин, апельсин, киви. Ананас, саңырауқұлақ, алма, алмұрт. Алмұрт, алма, сәбіз, киви. Балаларды мадақтау. Көңілді смайлктер беру. Сиқырлы сөз: Қәне, кәне айтайық, Бақшамызға қайтайық. Қорытынды. Балалар біз бүгін қонаққа қайда бардық? Қандай жемістермен, көкөністермен таныстық? Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) 2.Жапсыру. Тақырыбы: Менің үйім Смарт мақсат: Пішіндерді қағаз бетінде орналастыра біледі.	тенейсің?» Ойынның шарты:Біздерге бірнеше суреттер берілген, отбасын қандай жақсы нәрсеге теңегіміз келсе,сол суретті көтеріп көрсетеміз.  Құрлымдалған ойын: «Ретімен орналастыр» Шарты: Суретке отбасы мүшелерін ретімен қоя білу. Қорытындылау : Сұрақтар ілмегі. Кімдер туралы әңгімелестік? Бас бармақ әдісі қорытындылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)

Scanner App Lite

	жауап,ойын Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен амандасу 1 бөлім. Бағаи бойынша бірінен соң бірі жүру. Педагог нұсқауымен: «Тышқандар!» ұсақтауға арналған қадаммен ауысу, енді тұрақты серуендеу. «Жылқылар!» - жүгіру, тізені жоғары көтеру, қалыпты жүгіріске ауысу. Жүру және жүгіру жаттығулары кезектесіп өтеді. 2 бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары. Кішкене күрсаумен 1. Б:Қ - аяқтың ені бір-бірінен алшақ, екі қолда күрсау, екі жағынан, төменнен ұстау. Жоғары көтеру, қарау, төмен түсіру, б.к.(5 рет). 2. Б.Қ. - аяқтар аяқтың ені бойынша, күрсау екі қолда кеудеде. Отыру, алға шенбер жасау. Жоғары көтеру, бастапқы қалып (5 рет). 3. Б.Қ - отыру, аяқтар алшақ, екі қолда күрсау төменде күрсауды жоғары көтеру; алға еңкею, күрсаудың жиегін еденге тигізу. Түзулену б.к 4. Б:Қ аркамен жату, күрсау бастан жоғары. Аяқты тік көтеру, тізені күрсауының жиегіне тигізу. Аяқты төмен	Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу. 1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау«жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту. 2. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға карай бұрылу, әр бұрылған сайын « көрдім» деп айту. 3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Он жак тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жак тіземен кезек қайталау. / 4. Аяқтын ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау. 5. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орында секіру. Қорытынды: Тыныс алу жаттығулары: «ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп	жауап,ойын,өлең Оқу қызметінің барысы: Шаттық шенбер Ә.Қонарбасвтың «Бала, бала, балақан» әні орындалады. Балалар шаттық шенберінде өленді қайталап, оның мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыспен жасайды. . Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт Айгүл құыршақ келеді. Балалармен амандасады. Балалар мен сендерге қонаққа келдім, менде көптеген тапсырмалар бар бірге орындауға көмектесесіңдер ме? 1-тапсырма. АКТ технологиясы. Пед жет ойын: Кімді көріп тұрсың?» Шарты: Балаларға экраннан отбасы мүшелерінен кімді көріп тұрғандарын айтады 2- тапсырма «Ыстық орындық.» Құрылымдалған ойын: Шарты: Мен отбасымды жақсы көремін» деп әр бала өз отбасы туралы айтады. 3-тапсырма. Пед жет ойын: «Санамақтар	Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді түсінеді. Күтілетін нәтиже: -желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; -желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдаланады; Ресурстар: Түлі түсті қағаздар, қайшы, карындаш, желім , пиппилер, үй үлгісі Әдіс – тәсілдер: түсіндіру көрсету, ойын, сұрақ-жауап. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шенбері: Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! Қызықтыру сәті. Азамат құыршақ келеді. Балалармен амандасады. Менің атым – Азамат. Мен құрылыспымын. Маған үй салуға көмектесіңдерші. Пед жет ойын: «Үй құрлысын ата» Шарты: Үй қандай пішіндерден тұратынын атау. Балаларды шығармашылық орталығына шақыру: Топқа бөлу әдісі. Үлке үй, кішкентай үй арқылы топқа бөлу. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.	

Scanner App Lite

	түсіру, б.к. (4 рет). 5. Б.Қ - құрсаудың алдында тұру, аяқ сәл алшақ, қолдар белде. құрсаудың айналасында аяқпен секіру Секіру арасында кішкене кідіріспен (2-3 рет). Тікелей бақылау. Негізгі қимыл жаттығулары 1.Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіреді 2.Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орында бару айналу Еркін ойын: «Ұядағы кішкентай торғайлар» Шарты: Педагогтың көмегімен балалар - «торғайлар» 3-4 топқа бөлініп, «ұялардың» ішіне отырады. (шүрлардан немесе арқаннан жасалған үлкен диаметрлі шеңберлер). Тәрбиешінің белгісі бойынша: «Торғайлар» ұядан «ұшып, құрсауды басып өтіп, жан-жаққа шашырап кетті. Тезірек-» дәндерді жеп ал Сигнал бойынша: «Құстар, ұяларға!» Ойын 3 рет қайталанады. Қорытынды Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) 3.Музыка Тақырыбы: «Ару күз»	айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Ойлы-қырлы тақтаймен жүру және жүгіру 2.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта) Құрлымдалған ойын: Торғайлар мен мысық Қортынды. Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	сыры» «Бір үйде біз нешеуміз?» (А.Сопыбеков)өлеңін оқып беру. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балан үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз?\ Бір үйде біз бесеуміз.  Құрлымдалған ойын «Қай зат кімдікі». Шарты: (сөздік ойын, мұнда балалар әжесіне, атасына, анасына, әкесіне, ағасына, апасына, әпкесіне тиісті үш затты атауы керек) Қорытынды. Айгүл балаларға риза болып,көңілді смайлктер беріп қоштасады. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) 3.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Баяу жүреміз. Смарт мақсат: Шаппай	Үлгі көрсету,түсіндіру. Қауіпсіздік ережелері. қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту. Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Он жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. Балалардың өз бетінше жұмысы, қадағалау. 1 топ Дайын формадағы екі қабатты үйді қиып жапсыру. 2-топ. Пішіндерді қиып кішкентай үй жапсыру.  Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: Балалар жасаған жұмысын тақтаға ілу. Өз ара бағалау. Бас бармақ әдісі. Қорытынды: Галерея шарлау әдісі. Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	

Scanner App Lite

	Мақсаты: Балалардың музыканы тыңдай білуге қабілетін арттыру, дыбысты есту қабілетін жетілдіру, музыка әуе-німен бірге би қимылын жасау,оқу қызметіне қызығушылығын арттыр		және баяу қарқынмен жүру және жүгіруді біледі. Тепе-тендікті сақтап бөренемен жүруді түсінеді. Күтілетін нәтиже: -негізгі қимыл түрлерін орындай алады; -бірлескен қимылды ойындарға қатысады; Ресурстар: бөрене Әдіс – тәсілдер: түсіндіру ,көрсету, ойын,жаттығу I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (ұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен түру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу. 1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау«жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту. 2. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу, әр бұрылған сайын « көрдім» деп айту. 3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол		

Scanner App Lite

			жақ тіземен кезек кайталау./ 4. Аяқт ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау. 5. Аяқтарын біріктіру. Доп колда. Орнында секіру. Қорытынды: Тыныс алу жаттығулары: «ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Шапшаң және баяу қарқынмен жүру және жүгіру 2. Теңе-теңдікті сақтап бөренемен жүру Құрылымдалған ойын: Торғайлар мен мысық Қортынды. Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)		
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу				
Серуен	Картотека № 2 Бұлтты бақылау (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Картотека № 4 Желді бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Картотека №5 Көшедегі машинаны бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Картотека №7 Ауа райын бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Картотека №8 Күзгі жапырақтарды бақылау (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)
	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сыртқа келіп үшемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай,				

Scanner App Lite

	Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз серелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі аска дайындық.				
Түскі аска дайындық түскі ас	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ұйқыға дайындық, ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан оқту, шынық-тыру шаралары	№9 1.Оқту Ұйқыдан біз тұрдық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тәкәсайық, тұрдық	№10 1.Оқиу Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	№11 1. Оқиу Көзімізді ашайық Ауыл, күнан алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық	№ 12 1. Оқиу Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, китер басты Серіліп ұйқы ашамыз	№13. 1.Оқиу Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді кане барміз, Жаттығуды жасайық.
	ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртү, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Вариативті к компонент		Біз табиғат жанашыры Тақырыбы:Шыбын мен маса қалай өмір сүреді			
Ойындар, дербес әрекет	Құрлымдалған ойын «Жыл мезгілдері» Смарт мақсат: Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсінеді. Балалар жыл мезгілдерін ретін дұрыс көрсете біледі. Жүргізілу барысы: Дайын суреттерге әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін жапсыру немесе салу. Ресурстар: Жыл мезгілдері көрсетілген суреттер, майда кима суреттер .	Құрлымдалған ойын: «Әдемі өрнектер» Смарт мақсат: Балалар геометриялық пішіндер мен түстер және түсті таңдай біледі. Ресурстар: Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер. Жүргізілу барысы: Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық	Пед жетек ойын: «Тиінге сыңырауқұлақ сыйлаймыз» Смарт мақсат: Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы біледі. Ресурстар: Сыңырауқұлақтар, себет Құрлымдалған ойын: «Сыңырауқұлақ жинау» Ойынның барысы: Баланы шеңберге отырғызады бірнеше сыңырауқұлақ себеттің ішінде болады.	Құрлымдалған ойын: «Сиқырлы түстер» Смарт мақсат: ойын барысында балалар түстер мен реңктерге қызығушылық танытып, табиғат сұлулығын қабылдай алады. Ресурстар: түрлі түсті карточкалар. Ойын барысы: балаларға түрлі-түсті квадраттар-мен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайын. Қара, ақ	Пед жетекшіл ойын: «Керемет орман» Смарт мақсат: балалар өз қиялында схемалық бейнелеуіне сүйене отырып бейне орналастыра алады. Ресурстар: бірдей қағаз парақтары, оған бірнеше ағаштар салынған және аяқталмаған, пішінделмеген кескіндер әр жерде орналасқан. Түрлі-

Scanner App Lite

	(4 к моделі, бала үні, бақылау,сараlау) Жеке жұмыс Інжу Сөйлеуді дамыту «Бір үйде біз нешеуміз?» санамағын жаттату Смарт максат:өз отбасы мүшелері жайлы айта алады, санамақты қайталап айтады Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз Бас бармағым-атам, Балаң үйрек-әжем, Ортан терек-әкем, Шылдыр шүмек-анам, Кішкене бөбек-мен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз!	пішіндерден өрнек құрастырады (4 к моделі, бала үні, бақылау,сараlау) Жеке жұмыс Әмина Солақай баламен карындашпен жұмыс жасату,суреттерді бояту	Балаларға санырауқұлақтың қайда өсетінін, қайда болатынын түсіндіре отырып, ортаға екі баланы шығарып ойын ережесін түсіндіру. (4 к моделі, бала үні, бақылау,сараlау) Жеке жұмыс Әділетпен жеке жұмыс Көркем әдебиет Күз туралы тақпақ айту Қауын-карбыз жемістермен Толтырамыз көл себетті «Алтын күз» деп аталады Күз-айы да сол себепті! Смарт максат:сөз ішінде дыбыстарды анық айта алады.	және жасыл төртбұрыштары бар балалар оларды өсіреді. (4 к моделі, бала үні, бақылау,сараlау) Жеке жұмыс Айша мен жеке жұмыс Түрлі –түсті карындаштармен күзгі ағаштың бейнесін бояту Смарт максат: бояу түстерін таңдай алады және бояйды.	түсті карындаштар жинағы. (4 к моделі, бала үні, бақылау,сараlау) Жеке жұмыс Аруанмен жұмыс Кірпінің инелерін жапсыру Смарт максат:дайын сұлбаға элементтерін жапсырып дақтайды
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Картотека № 7 Ауа райын бақылау	Картотека № 20 Күз мезгіліндегі адамдардың киім кисін бақылау	Картотека №9 Алтын күзді бақылау.	Картотека №19 Күзгі көріністі бақылау.	Картотека №2 Бұлтты бақылау
	Таңғы серуен картотекасын бекіту. (картотека қосымша тіркелген)				
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап тіпа ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

Scanner App Lite

Ағылшын тілі

Циклограмма

Өтпелі тақырып: « Менің отбасым»
Тақырыпша: «Менің көшем»
Қазан айы II-апта Мерзімі: (11.10.-15.10.2021ж)
«Айголек» (ортаңғы) тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қабылдау, тексеріп-қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел-үсті, саусақ, дидактикалық ойындар.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	Картотека № 11 Құрылымдалған ойын: «Бұл қай мезгіл?» Смарт мақсат: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)	Картотека № 12 Құрылымдалған ойын: «Балабақша» Смарт мақсат: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)	Картотека №15 Пед жет ойын: «Әдептілік» Смарт мақсат: Балалар «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануды біледі. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)	Картотека № 16 Құрылымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» Смарт мақсат: гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын үйренеді. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)	Картотека № 17 Құрылымдалған ойын: «Өз мекеніне орналастыр» Смарт мақсат: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата алады, үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін біледі. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)
	Қазан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Смарт мақсат: Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету				
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас.	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз тұратын көше. Смарт мақсат:	1. Сурет салу Тақырыбы: Атам және әжем тұратын үй. Смарт мақсат:	1.Математика негіздері Тақырыбы: Атам мен әжем тұратын үйдің ауласындағы ағаштар.	1. Жаратылыстану Тақырыбы: Күн жылу көзі Смарт мақсат: Күн туралы түсініктерді біледі. Күннің	1.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Жолда жүру ережесін

Scanner App Lite

	Байланыстырып сөйлеуді үйренеді . Көше туралы түсіне біледі. Күтілетін нәтиже: -қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді; -дауысты және дауыс-сыз дыбыстарды анық айтады; Ресурстар: қуыршақ Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсеті,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Біз қандаймыз,қандаймыз. Шұғыланы таңдай-мыз. Күлімдеген күнлей-міз, Ренжуді білмейміз. Жыл мезгілін,апта күнін сұрау. Қызығушылықта-рын ояту. Тосын сәт. Қуыршақ келеді. Адасып кеткенін айтады. Сұрақтар ілмегі. - Ал, балалар сендер қай ауылда тұрасың-дар ? Көшелеріңнің атын білесіңдер ме? Ыстық орындық. Сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәті. Тепе-теңдік жолменен, Арасында мен келем. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Мынау бізлің мекен-жай. Қорытынды.	Геометриялық пішін үшбұрыш, шаршыны сала отырып, үйді бейнелеуді үйренеді. Күтілетін нәтиже: -сурет салу техника-сының бастапқы дағдыларына ие; -пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; Ресурстар: бояу, қылқалам, су, ақ парақ, үйдің үлгісі. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсеті,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Ой дамыту. Тақпақ оқу Біздің үй (Ғ.Өкеев) Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды, Қосып құмға лайды. Сылақшылар сылайды. Тезерек, есік, едені, Қиюласты әдемі. Құрылысшы боламыз, Зәулім үйлер саламыз. Ой қозғау. Тақпақ не туралы айтылған Үйді кімдер	Смарт мақсат: Таңыс заттарды биіктігі бойынша салыстыра алады. Биік аласа, жуан жіңішке, ұғымдарын түсінеді. Күтілетін нәтиже: -екі қарама қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы салыстырады. -бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады; Ресурстар: қуыршақ, конструктор, ағаштар. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсеті,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік! - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілінде неше ай бар? - Атаулары қандай? - Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер болады? - Жарайсыңдар, балалар! Тосын сәт. Айгүл қуыршық келеді. Атасы мен әжесінің үйне қонаққа бара жатырғанын айтады. Айгүл әжесі берген тапсырмаларды	көзінен жылу мен жарық тарайтындығын бақылау барысында түсінеді. талдау жасай білуге үйренеді. Күтілетін нәтиже: -Табиғаттағы және ауа-райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды; -табиғатқа қамқорлық танытады; Ресурстар: Дидактикалық материалдар, түсіндіру. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсеті,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Сәндетіп даламыз, Сәулетті қаламыз, Сәулеңмен құлпырды, Сәлем Күн – анамыз . Топқа бөлу: Күн тобы, Жұлдыз тобы Мнемокесте Күз мезгілі Күз белгілерін атап берулерін сұрау. Бүгін ауа райы қандай болып тұрғанын анықтау Жұмбақ жасыру. Жүрттың бәрі сүйелі, Бірақ қарай алмайды. (Күн) Ой дамыту. Күн туралы түсінік беру. Күн – жер бетіндегі тіршілік көзі. Адамдар, өсімдіктер, жануарлар жарық, жылуды күннен алады. Сондықтан	сақтайық Смарт мақсат: жолда жүру ережелерін сақтайды, жол белгілерін атайды. (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол)атайды Ресурстар: бағдаршам суреті, қызыл,сары,жасыл дөңгелек пішіндер Әдіс-тәсілі: Түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Е.Өтетілеуов Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен Топқа бөлу 1 топ-Қызыл түс 2 топ-Сары түс 3топ-Жасыл түс Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. «Қайырлы таң!» деймін мен Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға. Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға.

Scanner App Lite

	Қыршақ көшесінің есіне түскенін айтып, балалармен қоштаса-ды. Сұрақтар қою арқылы қорытынды жасау. Кім адасып кетті? Үйін қалай есіне түсірді? Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) 2. Музыка Тақырыбы:«Себеттегі жемістер» Мақсаты: Балаларды музыканың әуеніне байланысты қимыл қозғалыстарға ынталарын арттыру 3.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Допты аяқпен домалату Смарт мақсат: Педагогтің белгісімен сапта жүрудің бағытын өзгертуді түсінеді. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды біледі. Күтілетін нәтиже: -жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындай алады; -негізгі қимыл түрлерін	тұрғызады? Сендердің үйлерің қандай? Қала мен ауыл үйлерінің айырмашылығы неде? Қызығушылықты ояту. Балалар ата мен әжемізге тосын жасайық. Сендер құрлысшы болып, әдемі үй салып беріңдер. Жұмыстың орында-лу техникасын көрсету. Үлгіні талдау. Тазалық, ұқыптылық, қауіпсіздік туралы ескерту. Балалардың өз беттерінше жұмысы. Жеке көмек. . Құрлымдалған ойын: «Бұл үйде кім тұрады?» Балалардың жұмысын мадақтау Галереяны шарлау. Балаларды мадақтау. 3 шапалақ әдісі арқы-лы қорытындылау. 2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Доға астымен еңбектеу. Смарт мақсат: Сызықтар арасымен (15 см аралықтық)	орындамаған, соған көмектесуін өтінеді. 1-тапсырма Құрлымдалған ойын: «Топтастыр» Шарты: биіктігі бірдей, ұзындығы бірдей, алаңсаз заттар тобын топтастыру. 2- тапсырма Тақтамен жұмыс. - Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар? Балаларға биіктігі әртүрлі ағаштар мен үйлерді көрсетіп салыстыру. Қай ағаш биік , ал ағаш аласа? Неғұрлым үйі биік? Ал, қайсы үй аласа? Неге?   3-тапсырма. Топтық жұмыс. (үлкен көлемде жайылған жасыл немесе көк мата) Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле» Шарты: Берілген заттарды	бүкіл тіршілік атаулыға күнсіз өмір жоқ. Бірақ күнге тік қарауға, ұзақ күнге, баскиімсіз жүруге болмайтынын ескерту. Сергіту сәті. Күн шығыстан жарқырап шықты, (қолдарын жоғары көтереді, созады) Күн батысқа батты. (Тізесін бүгіп отырып, қолдарын төмен түсіреді). Тамаша,тамаша, Күн жайнады жанаша. Бәрімізге көпілді Бұл өмір тамаша! (Қол соғады, жымияды). Бала үні. Топпен жұмыс: Күн тобы Пед жет ойын «Дәл сондайын тап» Шарты: Күннің түсімен, пішіне түстес заттарды көрсетіп атайды. Жұлдыз тобы Құрлымдалған ойын: «Күн құрастыр» Шарты: Бөлшектерден күн құрастырады. Күн туралы тақпақтар айтады Тәрбиешінің жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Жемістер мен көкөністер» Смарт мақсат:жемістер мен көкөністерді ажырата алады және атын атайды	Жасыл көзін ашқанда, Жүре бергің жасқанба. Не екен ол балалар?. Ой қозғау. Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек? -Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай? -Бағдаршамның көздерінің қызметін айтып беріңдерші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз? Сендер таңертең балабақшаға келгенде немесе ата-аналарыңмен қыдырып жүргенде қандай жолмен жүресіңдер? -Неліктен жол жиегіндегі жолмен жүреміз? Сурет арқылы Бағдаршам, жол жиегі туралы түсінік беру. Топпен жұмыс: 1 топ-Қызыл түс Бағдаршамды бояйды 2 топ-Сары түс Бағдаршамды жапсырады 3топ-Жасыл түс жаяу жүргінші жолағын бояйды

Scanner App Lite

	орындайды; Ресурстар: Доп Әдіс-тәсілі: тәсілдер: көрсету,түсіндіру, ойын Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын со-зып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары. Сылдырмақпен Б.к.: «Көбелек қонды» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. к.: «Жыланның	жүру, жүгіруді біледі. Доға астынан еңбектеп өтуді түсінеді.Бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өтуді түсінеді Күтілетін нәтиже: -негізгі қимыл түрлерін орындайды; -өзіне-өзі қызмет көрсету-дің бастапқы дағдыларына, салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; Ресурстар: Доп, доға Әдіс-тәсілдер: тәсілдер: көрсету,түсіндіру,ойын Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен амандасу. -Түрлі бағытта жүру,жүгіру - Жай жүріспен жүру Қызығушылықтарын ояту. Доп домалап топқа келеді. Доппен ойын. Жалпы дамытушы жаттығулар: Доппен жаттығу. 1.Екі қолмен допты ұстап, алға созу.5-6 рет 2.Б.К.Допты кос	өз өз орнын тауып қоя білу. Мыс: Күн жоғарыда, гүл төменде..... Сергіту сәті. Оңға бір қадам, Солға бір қадам Шапалақ ұрамыз. Алға бір қадам, Артқа бір қадам Шапалақ ұрамыз 4-тапсырма Пед жет ойын: "Кім биік" Шарты:. - Бір-біріне арқаларыңмен тұрыңдар, қайсың биік, қайсың аласа екенін көреміз.Айгүлмен рақмет айтып тапсырмаларды әжесіне алып кетеді. Балаларды мадақтау Қорытынды. Сұрақтар ілмегі Қонаққа кім келді? Қандай тапсырма қиын болды? (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) 2. Орыс тілі	Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. «Бас бармақ» әдісі арқылы мадақтау (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) 3.Мүсіндеу Тақырыбы: Машина Смарт максат: Машиналар туралы түсінеді. Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, машина мүсіндеуді үйренеді. Ресурстар: ермексаз, тақтайша үлгі, АКТ технолог Әдіс-тәсілі: түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап,ойын Шаттық шеңбер Алаканды ашайық Күн нұрын салайық Осы жаскесы лебізді Бір бірімізге сйлайық Миға шабул Жұмбақ жасыру. Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды. (машина) Ой дамыту. Көліктер туралы түсінік беру. Енді, балалар мына суретке назар аударыңдар, кане айтыңдаршы мынау қандай	Дид.ойын (Құрлымдалған) «Жүргізуші мен жаяу адам» Смарт максат:жүргізуші мен жаяу адамның жолын ажыратады (4К моделі, бала үні,саралау,бақылау) Сергіту сәті: Балалар дөңгелене тұрады қызыл түсті көтергенде –балалар бір адым артқа жылжиды. Сары түсті көтергенде қол шапалақтайды, жасыл түсті көтергенде орнында тұрып жүреді. Қорытынды. «Қалпақ» әдісі арқылы қорытындылау Балаларды мадақтау. (4К моделі, бала үні,саралау,бақылау)

Scanner App Lite

	қозғалысы» 2. Аяқ ырық көлемінде, қолды жанға созу. Жылаяның қимылын жасау, ырықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ Б.к.: «Қайшы» 3.Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайпылау./6 рет / Б. к.: «Жұлдызша» 4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет / Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. Басташқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары. Педагогтің белгісімен сапта жүру бағытын өзгерту	қолмен ұстап,жоғары көтеру, оңға қисаю, солға қисаю Б.Қ отыру. 3.Допты қос қолмен ұстап, оң тізеге тигізу. Б.Қ, солай сол тізеге тигізу. 4.Допты ұстап секіру. Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Доға астынан еңбектеп өту 2. Бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өту Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Мысық пен тышқан» Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)		машина? Көлік түрлерімен таныстыру. 1. Әуеде ұшатын көліктер: 2. Суда жүзетін көліктер: 3. Жерде жүретін көліктер: 4. Темір жол көліктер: Д/о:(пед. жет) «Дауысынан тап » Смарт мақсат: Үнтаспадан көлік түрлерінің : пойыздың гудогі, мотоциклдің, жүк машинаның дыбыстарын ажыратады (4 к моделі, бала үні саралау ,бақылау) Тақырып бойынша жұмыс. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету. Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту Әр бала өзіне машина мүсіндейді. Сергіту сәті: Бип, бип дейді Жолдан былай кет дейді Күшікті басуға ,басуға Болмайды ,болмайды ,машина Бип,бип,бип Жеке көмек. «Көрме» Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру, бағалау. Галерея шаралау. Өзара бағалау әдісі арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні	

Scanner App Lite

	2.Доппы аяқтарымен бір-біріне домалату Құрлымдалған қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Смарт мақсат: Балалар шапшаң-дыққа, алғырлыққа үйренеді.Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру. ***(4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау***			саралау ,бақылау)	
Серуенге дайындық Серуен	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
	Картотека №18 Көгершінді бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №7 Ауа райын бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №19 Күзгі көрініспі бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 9 Алтын күзді бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)
	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тіркелген				
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі аска дайындық.				
Түскі аска	Ойын- жаттығу :				

Scanner App Lite

лайындық Түскі ас	Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ұйқыға дайындық Ұйқы.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп тұру, ауа, су емша-ралары.	№1 1. Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды	№2. 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№ 3 1. Ояну Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	№4 1. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
Бесін асы	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Вариативті к компонент		Біз табиғат жанашыры Тақырыбы:Жыл мезгілдері			
Ойындар, дербес әрекет.	«Қоянға көмектесеміз» Смарт мақсат: Заттарды санайды және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратады Жеке баламен жұмыс: Махаббат Сурет бойынша күз мезгілінің ерекшеліктерін ажыратып айтады (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	«Құстарға көмектесеміз?» Смарт мақсат: Балаларға құстар туралы түсінік беру, Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу. Жеке баламен жұмыс: Айшаға дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. Ана, Әке, Ата-әже. 4 к моделі, бала үні	«Не артық?» Смарт мақсат: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру. Жеке баламен жұмыс: Расулға 1-3 бөліктен тұратын заттарды жаюды, мүсіндеуді үйрету. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	«Мамандықтың бәрі жақсы» Смарт мақсат: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Жеке баламен жұмыс: Әділетпан Үй құстарының өзіне тән ерекшеліктерін атап айтады (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	«Жалпы атауын ата» Смарт мақсат: Балаларға заттарды жеке-жеке танып келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде танқырлыққа, шапшандыққа баулу. Жеке баламен жұмыс: Еркеге жапсыру оқу қызметі бойынша қылған пішіндерден желім арқылы үй жасау, жапсыруды үйрету. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				

Scanner App Lite

Серуен	Картотека № Көшедегі машиналарды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №2 Бұлтты бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №3 Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №4 Желді бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 11 Күнді бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуді, киімін жинап таза ұстауды, су, лас болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуді үйрету.				
Балаларды үйге қайтуы	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

Scanner App Lite

ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Тақырыпша. «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Қазан айы III-апта Мерзімі: (18.10.-22.10.2021ж)

«Айгөлек» (ортаңғы) тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қабылдау,тексеріп-қабылдау,таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
	Картотека № 18 Дид.ойын: (Құрлымдалған) «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Смарт мақсаы: суреттерден көрген заттарының аттарын атайды, олардың қайда өмір сүретінін айтады (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау)	Картотека № 21 Сөздік ойын: (Құрлымдалған) «Балық аулау» Смарт мақсат: Қойылған сұрақтарға жауап береді (4К моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 20 Дид.ойын:(Құрлымдалған «Орнын тап» Смарт мақсат: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтады, суреттен табады (4К моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 17 Дид.ойын:(пед жет) «Жеке атауын ата» Смарт мақсат: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажыратады (4К моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 15 Дид.ойын: (Құрлымдалған) «Құстарға көмектесеміз?» Смарт мақсат: Балалар құстардың дене бөліктерін, тіршілігін өз ойымен айтады (4К моделі, бала үні,саралау,бақылау)
